«Сейфуллин оқулары - 11: Жастар және ғылым» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения - 11: Молодежь и наука». – 2015. – Т.1, ч.2. - Б.104-107

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНДЕГІ СҮТ ӨНДІРІСІ

Абжанова С.М.

Ауыл шаруашылығы тұтынуға қажетті тағам өндіру саласындағы және шикізат өндіру орындарының ең негізгі орны болып табылады. Осы саланы дамыту әрқашанда бірінші кезектегі мәселе болып саналады. Ауыл шаруашылығының тиімділігін жоғарылату жан-жақты байланыстыра зерттеу негізінде жүзеге асатынын естен шығармаған жөн. Барлық келісіммен өндіруші, өңдеуші және жүзеге асыру шараларының жиынтығы ауыл шаруашылығының тиімді нәтиже беруін қамтиды. Осылайша Агро Өнеркәсіптік Кешеннің негізін ауыл шаруашылығы құрап тұр деуге толық негіз бар. Халықтық Агро Өнеркәсіптік Кешен құрамын тек ауыл шаруашылығы емес, сонымен қатар осы кешен саласының шикізат өндіру, өндеу, тасымалдау және жүзеге асыру, жалпы айтқанда кешенді қатыстырылған іс әрекеті кіреді.

Мал шаруашылығы Агроөнеркәсіптік Кешен ішіндегі ең маңызды сала болып табылады. Сүт бағытында өсірілетін ірі қара малы мал шаруашылығында алдыңғы жүргізуші орын алады. Бұл саланың жалпы кірісі бүкіл мал шаруашылығы саласының 60% бөлігін құрайды. Ірі қара мал 98% сүт өнімін, 40% ет өнімдерін берсе, аяқ киімге арналған тері шикізатынын негізгі бөлігі осы саладан алынып отыр деуге толық негіз бар, мысалы мүйізі, туктері және көң өнімдері. Ірі қара мал асырау саласы көптеген басқа сала жұмыстарына тікелей әсер етеді және ұлан байтақ еліміздің барлық жерінде таралып жатыр.[1]

Сүт бағытындағы ірі қара мал өсіру саласы басқа мал шаруашылығы салаларына қарағанда өзіне тән негізгі ерекшеліктері бар:

- Сүтті сиырлар өндірістің негізгі тірек көзі және басқа процесстік циклдарға тікелей әсер етеді, осы тұрғыдан олардың жем шөппен тамақтандыруына байланысты сүт мөлшері мен сапасы қадағаланып толық бақылауда болуы керек;

- Сүт бағытындағы ірі қара малының дұрыс тамақтандырылуы өнімде толық көрінеді, және бұл жағдайды тек жем шөп мәселесімен шектелмей, сүттің белгілі бір уақыт аралығында сауылуы мен лактация уақыты жіті бақылауды талап етеді;

- Протейн жетіспеушілігіне байланысты сауын сүтінің жедел түрде төмендегенін байқауға болады;

- Сауын өнімдері түскен күннен бастап, өңделіп, сақталып және күн сайын қайта қосылып отыратындықтан, бір күндік сүттің бұзылуы да

айтарлықтай шығынға алып келеді, өйткені барлық сауылған сүттің бір жерде сақталуы, басқа сапалы сүтке де әсерін беретіні белгілі.

Сүт өндіру кешені өте күрделі жүйе, барлық элементтері өзара байланысты, бірін бірі толықтыра алады, сатып алу, сату функцияларын, тасымалдау, өңдеу факторлары тығыз байланыста.

Сүт өнімдерінің ішкі нарығы Қазақстанда 2020 жылы сүт эквивалентінде шамамен 1,6 млн. тоннаны құрауы мүмкін, оның ішінде жергілікті өнім сүт эквивалентінде шамамен 1,5 млн. тоннаны құрауы мүмкін.

Бұл жүйе байланысы бір қатар сұрақ жауабын табуға септігін тигізеді:

1. Қажетті өнім көлемін анықтау, ол өнімді өндіру үшін қанша көлемде шикізат қолданылу керектігін және осы өндіру процесіне уақыт өлшемін анықтау;

2. Халықтың материалдық қажеттілігін қамту мақсатында және рационалды ресурс тарату мақсатында қандай өнім түрлерін өндіру керек екенін анықтау;

3. Өнім түрлерін өндіру, қалай тиімді технологиялар қолдану мен ұйымдастыру;

4. Шығарылған өнім тұтынушылар арасында қалай жеткізілу керектігі;

5. Осы жүйе экономикалық толқуларда өз өзін сақтап қалу бейімділік деңгейін білу, әсіресе ауыл шаруашылық саласының тәуекел кезіндегі жоғалтулар мен бәсекеге деген төтеп беру қабілетін көру;

Осы күрделі жүйенің негізін келесі шаруашылық субъектілері құрайды:

1. Сүт шикізатын өндірушілер- ауыл шаруашылық өндірушілері,шаруа қожалықтары, халық қолданысындағы шаруашылықтар;

2. Бірінші кезектегі тұтынушылар- сүт шикізатын сатып алушылар: өңдеу кәсіпорындары, комбинаттар;

3. Тұтыну тағамдарын сату кәсіпорындары- кондитерліктер, консервілеу және басқа да өндеу орындары.

Халық шаруашылығын әртүрлі деңгейде: халық шаруашылығы, аймақтық, азықтық ауыл шаруашылық кешені деп бөледі. Аймақ бойынша бөліну негізінде аймақтық Агро Өнеркәсіптік Кешен құрылды. Аймақтық АӨК халық шаруашылығының біртұтас органикалық құрамы, кешенді ауыл шаруашылықтық бір территориядағы бөлшегі негізінде қарастырылады.

Сүт өндіру кешенінің құрылымын ашық жүйеде былай қарастыруға болады: мал шаруашылығы саласын, соның ішінде жем шөп өндіру, сүт өндіру саласын

автоматтандыру; мал өсіру фермаларын және кешендерінің құрылысы; сүт бағытындағы мал басын көбейту; сүт бағыты, жем шөп бағыты, микробиология бағыттарын дамыту; материалдық техникалық құрылым; ремонт; ветеринарлық және зоотехникалық қызмет көрсету; тасымал транспорт мәселесі; сүт және сүт өнімдерін сату. [1]

Бұл жүйе өндірістегі өнімнің техникалық процесін салыстыра отырып қалыпқа келтіру шарасын қамтамассыз етеді. Техникалық экономикалық көрсеткіш кешені арқылы шикізаттың материалдық техникалық базасы көрінеді, ауыл шаруашылық өнімдерінің өнім көлемі және шикізаттың дайын өнім көлеміне дейінгі аралық байланысын. Ал бұл тұрғыдан бізге шикізатпен дайын өнім арасындағы қиыншылықтар мен қандай түйіткілді мәселе кездескенін көрсетеді.

Экономикалық тиімділік көптеген және алуан түрлі факторлардың әсерімен қалыптасады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында өндірістің экономикалық тиімділігін арттырудың проблемасын шешудің күрделілігі мен қиындығы оқшау әрекет ете алмайтындығында, шығындар да бір–біріне өзара ықпал етіп, ұштасып жатады, сондықтан ауыл шаруашылығының тиімділігінің барлық факторларын үш аспектіде: өндірістің ресурстары мен шығындары бойынша, өндірістің экономикалық тиімділігін арттыру бағыттары бойынша, осы бағыттарды шаруашылық жүргізудің әр түрлі деңгейінде іске асыру бойынша талдаған жөн.

Өндірістің тиімділігін өсуін жерді, техниканы, тыңайтқыштарды тиімді пайдаланып, ауыл шаруашылығы ғалымдарының жаңа жетістіктерін қолдана отырып қамтамасыз етуге болады. Аграрлы сектор құрылымдарының ресурстық потенциалы жер, материалдық қорлар және еңбек ресурстарын жоғары өнімді пайдалану арқылы түрлі шаруашылықтардың экономикалық тиімділігін арттырудың мүмкіндіктерін бағалай отырып, агроөнеркәсіп өндірісін қарқынды дамытудың басымдықтары анықталынады.

Халық шаруашылығында мал шаруашылығының алатын ролі зор, ол халықты бағалы азық түлікпен қамтамасыз етеді. Әр түрлі табиғи және экономикалық жағдайларда мал шаруашылығының орналасуы, мамандануы, бағыты ерекше болуға тиіс. Негізінен сүт бағытындағы шаруашылықтар қала маңына орналасады.

Қалыптасқан экономика жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру мақсатында барлық деңгейде басқару мен экономикалық ынталандырудың барынша тиімді жолдары мен әдістерін іздестіру және қолдану қажеттілігі туындап отыр. Рыноктік қатынастарға бейімделу, ауыл шаруашылық өндірісі көрсеткіштерінің, атап айтқанда, сапалы өнім көлемінің өсуі, еңбек өнімділігінің көрсеткіштерінің артуы, өндіріс, айырбас, тұтыну, өткізудің тиімді жүйелерін қалыптастыру - тиімділікті арттырудың алғы шарттары болып табылады. [3]

Бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіп өндірісі кешенін қалыптастыру және дамыту, оларды жаңғырту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне сәйкес болуы үшін ауылшаруашылығы кәсіпорындары түрлері мен олардың шаруашылық жүргізу формалары және ұйымдастырушылық-құқықтық формалардың сан алуандығын ескере отырып агроөнеркәсіп өндірісі кешенін

тиімді басқарудың, өндіріс тиімділігін арттырудың жаңаша жолдары мен тәсілдерін қарастыру қажет. Еліміздің дағдарыс кезіндегі және одан кейінгі уақыттағы агроөнеркәсіп өндірісі кешенін ахуалын зерделеп, өндіріс тиімділігін арттыру, өнім көлемін көбейту, сапаны арттыру және оның заман талабына сай бәселестік қабілетін жақсарту бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Ауыл шаруашылығындағы меншіктің әр түрлі формалары және тиісінше кәсіпорындардың алуан түрлері мен үлгілері болғанда ауыл шаруашылығы өндірісінің ортақ белгілерімен қатар кейбір өзіндік ерекшеліктері де болады. Ұжымдық негізде құрылған кәсіпорындар өздерінің өндірістік масштаб артықшылығы тиімділігін көрсетуде.

Әдебиеттер тізімі

1.2013-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының АӨК дамытуға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы

2.Тенденции развития Молочной промышленности Казахстана

3.http://thomsonreuters./2013/03/2012state-of-innovetions/

4.Современное состояние молочного скотоводства и перспективы его развития в Республике Казахстан: Аналитический обзор. – Алматы: НЦ НТИ, 2010. – с.

5.Examination of the persistency of milk fatty acid composition responses to fish oil and sunflower oil in the diet of dairy cows, Authors: Shingfield, KJ; Reynolds, CK; Hervas, G; Griinari, JM; Grandison, AS; Beever, DE, Journal: J DAIRY SCI, Page: 714-732 – URL: http://archive.sciencewatch.com/dr/fbp/2008/08febfbp/

Ғылыми жетекшісі: Анафияева Ж. А., э.ғ.д.,профессор